

## 2-курс. Психологиялық-педагогикалық практика

*«6B01506-География мұғалімін даярлау» , «6B01511-География-Тарих мұғалімін даярлау» және «6B01405-Құқық және экономика негіздері мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламалары бойынша*

«6B01506-География мұғалімін даярлау» , «6B01511-География-Тарих мұғалімін даярлау» және «6B01405-Құқық және экономика негіздері мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламалары бойынша білім алушы 2-курс 1506-11, 1511-1, 1511-21, 1405-11 оқу топтары студенттерінің психологиялық-педагогикалық практикасы 2023 жылдың 30 қаңтары мен 10 ақпаны аралығында өтті.

Екі аптаға созылған психологиялық-педагогикалық практикадан 1506-11 тобының студенттері Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты №3 Ұлықбек атындағы жалпы орта білім беретін орта мектебінде, 1511-11 тобының студенттері №23 З. Космодемьянская атындағы мектеп-лицейде, 1511-21 тобының студенттері №50 А. Байтұрсынов атындағы мектеп- гимназиясында, 1405-11 тобының студенттері №11 Ә. Науаи атындағы жалпы орта білім беретін мектептің базасында өтті.

Практиканың алғашқы аптасы пассивті түрде теориялық білімдерге негізделіп, сабақтарға қатысып бақылау, тәжірибе жинақтау түрінде өтті. Бұл аптада студенттер мектепте өздерін оқушылармен қалай ұстау керек, сабақты қалай жүргізу керек, мұғалім-оқушы арасындағы қарым-қатынас қалай құрылуы керек деген сұрақтарға жауап іздеді. Сондай-ақ, осы аптаның соңғы күндерінде сыныпқа жетекшілік жасап, сабақтар жүргізуге кірісіп кетті.

Психологиялық-педагогикалық практиканың екінші аптасы білім беру ұйымындағы нағыз педагог ретіндегі қауырт жұмысқа ұласты. Мұнда студенттер сыныпқа толық жетекшілік етіп, өз беттерінше сабақтар жүргізіп, әртүрлі деңгейдегі іс-шараларды да ұйымдастырды.



